

Қазақстан Республикасындағы шет ел азаматтарының жабайы хайуанаттарды аулауға ақы төлеуін ретке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 30 қыркүйек N 976. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.07.22 . N 688 қаулысымен. ~P980688

Аңшылық жерлерді пайдаланушылардың жабайы хайуанаттарды аулағаны үшін шет ел азаматтарымен есеп айырысуын ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ведомстволық бағынысына қарамастан шетелдік аңшылық туризмімен шұғылданатын ұйымдарға жабайы хайуанаттар мен құстарды аулауының республика бойынша 1994 жылға арналған бірыңғай ең төменгі бағасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 қыркүйектегі
N 976 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасындағы шет ел азаматтарының
жабайы хайуанаттарды аулауына арналған
Бірыңғай ең төменгі баға
Бір бас үшін
АҚШ долларымен

Жабайы хайуанаттар	
Арқар	12000
Бұқар бұғысы	7000
Қасқыр	200
Ақбөкен	500

Бұлан	600
Марал	1800
Аю	2000
Үстірт қойы	8000
Қабан	400
Елік	500
Киік	400
Сібір таутекесі	1500

Құстар

Саңырау құр (көктемде)	500
Саңырау құр (күзде)	50
Қаз	6
Кекелік	5
Құр (көктемде)	100
Құр (күзде)	10
Үйрек	3
Қырғауыл	10

Делдалдардың көрсеткен қызмет ақысынсыз.